

**Қазақстан Республикасында техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қазандағы № 1100 Қаулысы

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - **Бағдарлама**) **бекітілсін.**

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мүдделі министрліктермен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы **орындалуын қамтамасыз етсін.**

3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысымен бекітілген Салалық бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесіне сәйкес Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы **ақпарат берсін.**

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.**

4. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.**

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі **Ә.Ө. Исекешевке жүктелсін.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Үкіметінің

2010

№

бекітілген

*Қазақстан Республикасының*

*К. Мәсімов*

Республикасы

22

қаулысымен

қазандағы

1100

жылғы

# Қазақстан Республикасында техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама Астана 2010 жыл

## 1. Бағдарлама паспорты

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.

Бағдарлама атауы

Қазақстан Республикасында техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған

бағдарлама

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының

18-тармағы

Бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасы Экономика және  
бюджеттік жоспарлау министрлігі  
Қазақстан Республикасы Өңірлік даму  
м и н и с т р л і г і  
облыстардың, Астана және Алматы

қалаларының әкімдері

Бағдарламаның мақсаты

- 1) отандық нарықты қауіпті және сапасыз (стандарттық емес) өнімнен шектеу
- 2) дүниежүзілік стандарттарға сәйкес келетін өнім өндіру үшін жағдай жасау, менеджмент және технологиялық қайта жабдықтау жүйелерін енгізу

Бағдарламаның негізгі  
м і н д е т т е р і

- 1) техникалық регламенттер базасын ж а с а у
- 2) бәсекеге қабілетті- өнім өндіру үшін жағдайлар ж а с а у
- 3) отандық тауарларды халықаралық нарыққа жылжытуға жәрдемдесу
- 4) метрологиялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету және өлшемдердің қадағалануына қол жеткізу
- 5) барынша аз қол сұғу және тиімді бақылау қағидаттарында мемлекеттік

бақылауды іске асыру

Бағдарламаны жүзеге  
асыру мерзімі

2010-2014 жылдар

Нысаналы индикаторлар

- Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде мыналарға қол жеткізіледі:
- 1) жыл сайын техникалық регламенттердің талаптарына жауап беретін және тиісті халықаралық стандарттарға сай келетін стандарттау жөніндегі кемінде 500 нормативтік құжатты әзірлеу және қ а б ы л д а у ;
  - 2) 2014 жылға қарай барлық нормативтік техникалық құжаттарды Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорына кемінде 67500 НҚ санында шоғырландыру (2012 жылы –

66500, 2013 жылы – 67000, 2014 жылы –  
6 7 5 0 0 ) ;

3) 2014 жылға қарай кемінде 30 мемлекеттік эталон мен эталондық жабдықты 60 жаңғырту (толығымен жабдықтау) (2010 жылы – 16 эталон, 2011 жылы – 10 эталон, 2012 жылы – 10 эталон, 2013 жылы – 10 эталон, 2014 жылы – 14 эталон).

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі мен көздері

Қаржыландыру көздері:  
10 236 375 000 теңге сомасындағы республикалық бюджет қаражаты:  
2010 жылы – 2 233 535 000 теңге;  
2011 жылы – 2 146 260 000 теңге;  
2012 жылы – 1 850 811 000 теңге;  
2013 жылы – 2 012 383 000 теңге;  
2014 жылы – 1 993 386 000 теңге.

Қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын

болады.

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында 2010 - 2014 жылдарға арналған техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру жөніндегі бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 18-тармағына сәйкес әзірленген және стандарттау, аккредиттеу, сәйкестікті бағалау (растау), менеджмент жүйесі, метрология және ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарды көрсетілген бағыттарда жетілдіруді қоса алғанда, техникалық реттеу жүйесін дамытуға және өлшем бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарлама іс-шаралары 2010 - 2014 жылдар кезеңін қамтиды, орташа мерзімді  
с и п а т ы б а р .

Бағдарламаны жүзеге асыру қауіпсіз және бәсекеге қабілетті өнімді өндіруге арналған инфрақұрылымды құруға мүмкіндік береді.

### 3. Ағымдағы ахуалды талдау

#### 3.1 Қазіргі жай-күйін талдау

Қазіргі уақытта экономикалық тауашаларды нормативтік экспансия әдістерімен - техникалық регламенттерде, стандарттарда, аккредиттеу, сәйкестікті бағалау әдістерінде және өзге де нарыққа қол жеткізу нысандарында мүдделік қолдау арқылы иелену үрдісі бар.

Техникалық регламенттерді қабылдау арқылы адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бизнеске қысым жасауды төмендету, импорттық өнім нарығына қол жеткізуді шектеу мәселелері шешіледі.

Техникалық регламенттер тұтынушылар үшін тұтынылатын өнімнің қауіпсіздігіне кепілдік, ал өндірушілер, импорттаушылар мен өткізушілер үшін алғашқылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттің барынша толық талаптары жазылған құжат болып табылады.

Бүгінгі күні 82 техникалық регламент қабылданды.

Оларды әзірлеуге арналған негіз ретінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше елдердің қабылданған ұлттық техникалық регламенттерін пайдалана отырып, ЕурАзЭҚ-тың 38 техникалық регламентін әзірлеу және қабылдау болжанып отыр.

Бұдан басқа, Еуразиялық экономикалық кеңістік шеңберінде кеден одағындағы (бұдан әрі - кеден одағы) интеграциялық үдерістерді тереңдету мен жеделдету және Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында кеден одағына мүше елдердің техникалық реттеу жүйелерін үйлестіруге бағытталған Бірыңғай техникалық реттеу қағидаттары мен ережелері туралы келісімді қабылдай отырып, бірыңғай экономикалық кеңістік құру мақсатында кеден аумағында тікелей қолданылатын кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу жоспарлануда.

Кеден одағының техникалық регламенттері енгізілген кезде, кеден одағына мүше елдердің ұлттық техникалық регламенттері жойылатын болады.

Қазіргі таңда мемлекеттік стандарттар деңгейінде 2 840 бірлік қабылданды, олардың ішінде халықаралық талаптармен үйлестірілгендер - 1 884 бірлік. Мемлекеттік стандарттарды жалпы үйлестіру пайызы 2009 жылы 66,3%-ды, экономиканың нақты секторында 69% - ды құрады.

1-кестеде экономика салалары бойынша мемлекеттік стандарттардың жалпы саны, үйлестірілген стандарттардың саны, сондай-ақ экономика салалары бойынша стандарттардың жалпы санынан үйлестірілген стандарттардың пайыздық қатынасы берілген.

## Мемлекеттік, оның ішінде экономика салалары бойынша халықаралық талаптармен үйлестірілген стандарттардың жалпы саны

Р/с №	Сектор атауы	Стандарттардың жалпы саны	Үйлестірілген стандарттар саны	Үйлестіру деңгейі (%)
1	Машина жасау	66	53	80,3
2	Энергетика және электр техникасы	84	60	71,4
3	Жол-көлік және темір жол техникасы	271	200	73,8
4	Құрылыс материалдары және құрылыс	161	119	73,9
5	Жеңіл өнеркәсіп	88	33	37,5
6	Ауыл шаруашылығы	94	41	43,6
7	Тамақ өнеркәсібі	283	173	61,1
8	Химиялық технология және лак-бояу өнеркәсібі	77	54	70,1
9	Металлургия және тау-кен ісі	96	63	65,6
10	Мұнай және газ. Жанама өндірістер	212	194	91,5
11	Басқалар	1408	894	63,5
	жиыны	2840	1884	(66,3%)

Отандық кәсіпорындар қолданатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар құрылымы мынадай түрде көрініс береді:

мемлекеттік стандарттар	-	15%
мемлекетаралық стандарттар	-	49%
ұйым стандарттары	-	36%

Істің мұндай жай-күйі мемлекеттік стандарттардың аз үйлестірілуіне және санының аздығына, ескірген материалдық-техникалық базаға байланысты, бұл кеңес дәуірі стандарттарын қолдануға және тиімсіз ұйым стандарттарын әзірлеуге қолайлы негіз болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы ұйым стандарттарының (бұдан әрі - ҰСТ) және мемлекетаралық стандарттардың (бұдан әрі - ГОСТ) жалпы саны тиісінше 4 486 бірлікті және 19 603 бірлікті құрайды, оларды 3 500-ден астам кәсіпорын қолданып келеді.

Олар тамақ өнеркәсібі (44% ҰСТ, 31% ГОСТ және 26% ҚР СТ), машина жасау (61,4% ҰСТ, 36% ГОСТ және 2,4% ҚР СТ), құрылыс (68,4% ГОСТ, 17% ҰСТ және 15% ҚР СТ), металлургия өнеркәсібі (71 % ҰСТ, 27% ГОСТ және 2,3% ҚР СТ) және т.б. салаларда барынша көп пайдаланылады.

Қазақстан 1994 жылдан бастап Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйымның (бұдан әрі - ISO) мүшесі болып табылады, Халықаралық электр-техникалық комиссияда (бұдан әрі - ХЭК) қадағалаушы мәртебесін иеленді. ISO шеңберінде Қазақстан 16

стандарттау жөніндегі халықаралық техникалық комитеттің жұмысына толық құқылы мүше ретінде, ХЭК шеңберінде - 4 ХЭК Техникалық комитетіне (бұдан әрі - ТК) толық құқылы мүше ретінде қатысады.

Республикада 400-ден астам стандарттарды әзірлеген 48 стандарттау жөніндегі техникалық комитет құрылды.

Жыл сайын менеджмент жүйелерін сертификаттаған және енгізген кәсіпорындардың саны артып келеді.

Мәселен, 2010 жылғы 1 сәуірдегі жай-күйі бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің ақпаратына сәйкес республиканың 2681 кәсіпорнының халықаралық стандарттарға сәйкестігі, олардың 2662 кәсіпорны 9000 сериялы ИСО, 193 - ИСО 14001, 135 - OHSAS 1 8001, 43 - ИСО 22000 бойынша сертификатталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 тамыздағы № 773 қаулысымен бірыңғай аккредиттеу жөніндегі орган ретінде Ұлттық аккредиттеу орталығы белгіленді.

2009 жылғы 11 желтоқсанда Ресей, Беларусь және Қазақстанның Кеден одағы шеңберінде сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын сертификаттау жөніндегі органдардың және сынақ зертханаларының аккредиттеуін өзара тану туралы келісім қабылданды. Бұл ретте 3 елдің аккредиттеу жүйелері бір біріне ұқсамайды.

Аккредиттеу өлшемдерін, сынау әдістемелерін және сәйкестікті растау рәсімдерін үйлестіру жөнінде жұмыстар жасау қажет.

2010 жылғы 1 сәуірдегі сынақ базасында 540 аккредиттелген сынақ зертханалары, 329 метрологиялық қызмет (салыстырып тексеру және калибрлеу зертханалары), 182 сәйкестікті растау жөніндегі орган (олардың 119 өнімнің сәйкестігін растау бойынша) бар.

Олардың ішінен кеден одағының сертификаттау жөніндегі органдары мен сынақ зертханаларының (орталықтар) бірыңғай тізіліміне сәйкестікті растау жөніндегі 117 орган және 503 сынақ зертханаларын қосу ұсынылды.

2010 жылдың 1 шілдесінен бастап КО СЭҚТН кодтары бойынша 205 позициядағы өнімнің 202 түрін көздейтін бірыңғай құжаттар бере отырып, кеден одағы шеңберінде сәйкестігі міндетті түрде бағалануға (расталуға) тиіс Бірыңғай өнім тізбесі қолданысқа енгізілді.

Бірыңғай тізбеге енгізілген өнім үш елдің мемлекетаралық және ұлттық стандарттарының талаптарына және Бірыңғай тізбеде қарастырылған санитарлық-эпидемиологиялық қадағалануға (бақылануға) тиіс тауарларға қойылатын Бірыңғай санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігін растау рәсімінен бір рет қана өтілетін болады.

Қазіргі уақытта кеден одағының бірыңғай техникалық регламенттері кейіннен соған сәйкес әзірленетін ұлттық тізбені біріздендіру және міндетті түрде регламенттеуден

өтуге тиіс өнім тізбесін дайындау жұмысы жүріп жатыр.

Бұдан басқа, қазіргі заманғы эталон базасы құрылды, айталық 2009 жылдың аяғында мемлекеттік эталондар мен эталон жабдықтарының саны 101 бірлікті құрады. 2004 - 2009 жылдар кезеңінде бірлік мөлшерін 50-дан астам мемлекеттік эталондарға беру жүргізілді.

2009 жылдың қорытындылары бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге жарияланған мораторийдің 2009 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылатынын ескере отырып, техникалық регламенттер талаптарының сақталуына, меншік түрлері әртүрлі шаруашылық субъектілеріндегі өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына 4 793 тексеру жасалды. Олардың 2 497 жағдайында жолсыздықтар анықталды, бұл 52% - ды құрайды.

Тексерулер барысында анықталған негізгі жолсыздықтар мыналар болып табылады: сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімді сәйкестік сертификатынсыз сату; салыстырып тексеру мерзімі өткен өлшеу құралдарын пайдалану; техникалық регламенттер талаптарын бұзу; сатып алу нәтижелеріне сәйкес өнімнің қауіпсіздігі бойынша техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді өткізу.

Тексерістердің барлық түрлерінің нәтижелері бойынша сапасы қанағаттанарлықсыз және сәйкестік сертификаттары жоқ әр түрлі өнімнің жалпы сомасы 1 153 443 779 теңге болатын 19 466 легін өткізудің жолы кесілді. Салыстырып тексерілмеген және Қазақстан Республикасының өлшем құралдарын қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілмеген өлшем құралдарының 14 317 бірлігін қолдануға тыйым салынды.

### 3.2 Техникалық реттеуді дамыту және сапа инфрақұрылымын құру үшін күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қатерлерді талдау

Мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қолайлы	Мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қолайсыз
Артықшылықтар	Кемшіліктер
ДСҰ-да саудадағы техникалық кедергілер және санитарлық, фитосанитарлық шаралар бойынша келісімге сәйкес келетін техникалық реттеу жүйесінің болуы Техникалық регламенттер мен стандарттардың мемлекеттік қорының болуы ДСҰ-мен өзара әрекет ету бойынша саудадағы техникалық кедергілер және санитарлық, фитосанитарлық шаралар бойынша ақпарат орталығының болуы Мемлекеттік қолдау және менеджмент жүйелері жөніндегі нормативтік базаның болуы Ұлттық аккредиттеу орталығының болуы Сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларының болуы Заманауи эталондық база мен сынақ орталығының болуы	Техникалық регламенттерді әзірлеу тәжірибесінің жетіспеушілігі Әзірленетін техникалық регламенттер мен үйлестірілген стандарттардың өзара байланысының болмауы Техникалық регламенттерді енгізуден салдарларды бағалаудың болмауы Мемлекеттік стандарттарды қолданудың бәсеңдігі Республика кәсіпорындарында менеджмент жүйелерін қағаз жүзінде ғана енгізу; Менеджмент жүйелерін енгізу бойынша консалтингтік ұйымдар қызметінің жоғары құны Сынақ зертханалары мен метрологиялық қызметтердің нашар техникалық жарақталуы және жаңғыртылуының төмендігі



Орталықтандырылған мемлекеттік бақылау жүйесінің б о л у ы Техникалық регламенттер әзірлеуді мемлекеттік қолдау Заңнамалық базаның болуы Президенттің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының және «Алтын сапа» республикалық көрме-конкурсының болуы Техникалық реттеу және метрология саласында халықаралық және өңірлік ұйымдармен ынтымақтастық	Кадрлар біліктілігінің төмен деңгейі Аккредиттеу нәтижелері мен сәйкестікті бағалауды халықаралық деңгейде танудың болмауы Мемлекеттік инспекторлар жұмысының нысандары мен әдістерінің халықаралық нормалармен үйлестірілуінің б о л м а у ы Қазіргі заманғы материалдық-техникалық базаның болмауы Ұйымдардың Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысуға қызығушылық танытпауы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Сапалы және бәсекеге қабілетті өнім өндіруге арналған и н ф р а қ ұ р ы л ы м құру Үйлестірілген стандарттарды қолдану, өлшемдер мен сынау нәтижелерін тану арқылы отандық өнімнің сыртқы нарықтарға шығуын жеңілдету үшін жағдай жасау Отандық нарыққа сапасыз және қауіпті өнімнің келуін техникалық регламенттер арқылы шектеу Шет елдерден метрологиялық тәуелсіздікті арттыру Халыққа ұсынылатын қызмет көрсету сапасын өлшеу Экономика салаларының өндірістік базасын жаңғыртуды ы н т а л а н д ы р у Халықаралық талаптарға сәйкес қызметкерлер даярлау және олардың біліктілігін арттыру «Алтын сапа» конкурсына қатысу - кәсіпорын жетістігінің и н д е к а т о р ы Кәсіпорындардың сапа саласындағы халықаралық және өңірлік конкурстарға қатысуын ынталандыру Мемлекеттік эталондардың баламалығын халықаралық д е ң г е й д е р а с т а у Стандарттық үлгілерді, заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерін өлшеу құралдарын өндіруді ұйымдастыру Сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу нәтижелерін х а л ы қ а р а л ы қ т а н у Мемлекеттік бақылау қызметінің қолданыстағы құрылымына реформа жүргізу Мемлекеттік бақылау органдарын халықаралық стандарттарға сәйкес аккредиттеу.	Техникалық реттеу саласында заңнаманың жетілдірілмеуі Қаржыландырудың жеткіліксіздігі Білікті кадрлар тапшылығы Отандық өнімнің бәсекеге қабілетсіздігі Нарықта қауіпті өнімнің болуы Аккредиттеу, сынақ нәтижелерін және өлшемдер нәтижелерін халықаралық және өңірлік ұйымдардың мойындамауы

### 3.3 Техникалық реттеуді дамыту және сапа инфрақұрылымын құрудың негізгі проблемалары және оларды шешудің болжамды жолдары

Экономиканың серпінді дамуы және сыртқы саяси үрдістің ықпалын тигізуі техникалық реттеу жүйесінің дамуына түзетулер енгізеді.

Техникалық реттеуді дамытудың және сапа инфрақұрылымының негізгі проблемалары мыналар болып табылады:

1. Техникалық регламенттердің тиянақсыз енгізілуі.

Техникалық регламенттер өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын толыққанды талаптарды белгілеуге және ведомстволық нормалауды алып тастауға әрі рұқсат етудің

артық рәсімдерін қысқартуға тиіс.

Бүгінгі күні 82 техникалық регламент бекітілді, алайда, мемлекеттік органдар ведомстволық актілерді тексеру, қайталанатын талаптарды қайта қарау немесе оны алып тастау, артық рұқсат етілетін рәсімдер мен құжаттарды қысқарту бойынша жұмыстар жүргізген жоқ.

Бұдан басқа, техникалық регламенттерді енгізуге материалдық база және ғылыми-техникалық жағдайдың дайындығын анықтау үшін салаларға бағалау жүргізілген жоқ.

Осыған байланысты, техникалық регламенттерді әзірлеуге және енгізуге жауапты мемлекеттік органдарға салалардың дайындығына талдау жасауға, талдау негізінде бірінші кезекте Қазақстан мен ЕурАзЭҚ-тың міндетті түрде сертификаттауға және декларациялауға тиіс өнімдер тізбесінде анықталған өнімнің барынша қауіпті түрлерін қамтуға тиіс жаңа техникалық регламенттер әзірлеуді ұсынуға тиіс.

2. Мемлекеттік органдардың ЕурАзЭҚ шеңберінде техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша жұмыстағы әлсіз позициясы.

ЕурАзЭҚ шеңберінде техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде мемлекеттік органдар отандық кәсіпкерлердің мүдделерін ескермейді, бұл оларды кеден одағына қатысушы елдердің ұқсас кәсіпорындарымен тең емес жағдайға қояды, өйткені ұлттық техникалық регламенттер күшін жоюға тиіс.

Осыған байланысты, Мемлекеттік органдар өнеркәсіп және ғылым өкілдерімен бірлесіп жоғарыда аталған талдау негізінде кеден одағының техникалық регламенттері жөніндегі бірыңғай келіссөз позициясын әзірлеуі қажет.

3. Ұлттық техникалық регламенттердің ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламенттерімен қайталауы.

ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық кеңесінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы № 405 шешімімен бекітілген ЕурАзЭҚ-тың бірінші кезекті техникалық регламенттерін әзірлеу кестесінде 38 техникалық регламентті қабылдау көзделген.

Осыған байланысты, қолданыстағы ұқсас ұлттық техникалық регламенттердің күшін жоюға және басқа да қайталанатын ЕурАзЭҚ регламенттерін әзірлеуді тоқтату бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

4. Салалардың мемлекеттік стандарттарды әзірлеуге және енгізуге қызығушылығының төмен болуы.

Бүгінгі күні стандарттау саласындағы нормативтік құжаттар: мемлекеттік стандарттар 2 840 бірлік, 4 486 ҰС және 19 603 ГОСТ-тан тұрады. Барлық нормативтік құжаттардың санынан қолданылатын мемлекеттік стандарттардың көлемі 15%-дық ұрайды.

Істің осындай жағдайы мемлекеттік стандарттардың төмен үйлесімділігіне және аздығына, кеңестік кезеңдегі стандарттарды қолдану және тиімсіз ұйым стандарттарын әзірлеуді анықтаушы фактор болып табылатын материалдық жағынан ескірген

техникалық

базамен

негізделген.

Осы проблеманы шешу үшін «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Заңына, ұйым стандарттарының қолданылу саласының тарылуы, сондай-ақ сәйкестікті міндетті түрде бағалау (растау) рәсімдерін жүргізу кезінде дәлелді база ретінде ұйым стандартының пайдаланылуын болдырмау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек.

Осы шара меншікті қаражаттарды бөле отырып стандарттарды әзірлеуге бизнестің қатысуын жандандыруға мүмкіндік береді. Әлбетте, бұл бизнес үшін экономикалық уәждеме және мемлекет үшін үнем.

5. Стандарттау жөніндегі халықаралық құжаттарға және Республика аумағында оларды іске асыру және қолдануға қолжетімділіктің шектеулі болуы.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар стандарттау саласындағы ынтымақтастық үшін үкіметтік емес ұйымдармен қаржы құқығы және тараптар міндеттерін реттейтін келісім жасаса алмайды. Осы жағдай экономика салаларында халықаралық стандарттарды сатып алу және оны енгізу мүмкіндігінен айырады. Өйткені халықаралық стандарттар авторлық құқық құжаттары болып табылады, олар стандарттау жөніндегі ұлттық ұйымдар арасындағы келісімдер жасасу негізінде ғана сатып алынуы және пайдаланылуы мүмкін.

Осыған байланысты заңнамалық деңгейде стандарттау жөніндегі ұлттық органды анықтау керек. Бұл Қазақстан Республикасының стандарттау жүйесінің бірлігі мен тұтастығын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6. Нормативтік-техникалық құжаттардың бірыңғай қорының болмауы.

Міндетті ведомстволық құжаттардың әр түрлілігі (стандарттар, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар СанЕжН, құрылыстық нормалар мен ережелер ҚНЖЕ, экологиялық, өрт, ветеринарлық, энергетикалық, көлік ережелері және басқалар) нарықтық экономика жағдайында экономика саласының дамуын тежейді.

Қолданыстағы Техникалық регламенттер мен стандарттардың мемлекеттік қоры әзірленетін және қабылданған техникалық регламенттер, мемлекеттік, ұлттық, халықаралық, өңірлік стандарттар және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері, ұйым стандарттары туралы ресми ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Алайда бүгінгі күні әр түрлі мемлекеттік органдар қандай да бір құжаттарды қабылдауды және оларды әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды дербес жүзеге асырады.

Құқықтық ақпараттың пайдаланушылардың үлкен тобына қолжетімділікті қамтамасыз ету ақпаратты таратудың бірыңғай электрондық жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Ресми жариялау жүйесі тілек білдірушілерді қолданыстағы заңнаманың құрамына кіретін құжаттармен жедел таныстыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Осыған байланысты, ведомстволық сипатты барлық нормативтік техникалық актілерді оңтайландыру және ақпаратты таратудың бірыңғай электрондық жүйесін құру қажеттілігі туындады.

Осыған байланысты заңды және жеке тұлғаларға қазақстандық өнімді экспортқа шығару, ішкі нарықта отандық өндірушілерді қорғау, сондай-ақ әкімшілік кедергілерді жою жағдайларының бірі болып табылатын техникалық регламенттер, нормативтік-техникалық құжаттар мен стандарттар туралы ақпаратты толық, анық және уақтылы ұсыну мақсатында Нормативтік-техникалық құжаттардың Бірыңғай мемлекеттік қорын құруды ұсынамыз.

7. Ақпараттық технологиялардың дамыту мен қолданудың жеткіліксіздігі.

Ақпараттық технологиялардың жеткіліксіз дамуы және оларды қолдану ақпараттандыруды жеделдету, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану және кеңінен енгізу үшін жасанды кедергілер жасайтын бірқатар факторлармен анықталады.

Мыналар осындай жағымсыз факторлар қатарына жатады:

қазіргі заманғы ақпараттық технологиялармен ұсынылатын мүмкіндіктер ескерілмей әзірленген заңнамалық түрде оларға бекітілген функцияларды Мемстандарттың іске асыру үдерісін реттейтін, аяқталмаған, толық емес және ескірген нормативтік-құқықтық база;

ақпараттық технологиялардың рөлі мен мүмкіндіктерін техникалық жағынан тармағына да түсіну;

ақпараттық технологияларды құру саласындағы сияқты, қолдану саласында да кадрлар даярлау деңгейіне жеткіліксіз назар аудару.

Осыған байланысты мынадай міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ететін электронды Мемстандарт құруды ұсынамыз:

елдің ұлттық мүддесін қорғау және адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға жәрдемдесу;

ашықтықты қамтамасыз ету кезінде және ҚР электронды үкімет қағидаттарына сәйкес азаматтарға, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мекемелерге электронды қызмет көрсетуді ұсынудың тиімді жүйесін құру;

әкімшілік кедергілер мен сыбайлас жемқорлықты бір уақытта төмендете отырып, Мемстандарт құрылымы ішінде ұйымдастырушылық үдерістерді оңтайландыру.

8. Кәсіпорындардың менеджмент жүйесін енгізуге қызықпаушылығы

Бұл мынаған байланысты:

республика кәсіпорындарында менеджмент жүйесін формальды енгізудің болуы;

менеджмент жүйесінің жаңа бағыттары бойынша сарапшы-аудиторлардың жетіспеушілігі;

менеджмент жүйесін енгізу рәсімдерінің құнын анықтау әдістемесінің болмауы;

кәсіпорындарда аталған менеджмент жүйелерінің даму деңгейін анықтау, кәсіпорын жүйесінің тиімді жұмыс өлшемдерін анықтау жөніндегі әдіснаманың болмауы.

ИСО стандарттары негізінде әзірленген дәстүрлі менеджмент жүйелерімен қатар, КАИДЗЕН, жобалау менеджменті және т.с.с. салалық стандарттар, жаңа басқару технологиясын енгізу жөніндегі халықаралық тәжірибені пайдалану қажет.

## 9. Сынақ зертханаларының ескірген базасы

Кеден одағы шеңберінде қызметтерінің нәтижелерін Кеден одағына мүше мемлекеттер танитын сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларының Бірыңғай тізілімі жасалады.

Аккредиттелген сынақ зертханаларының жабдықталуы Кеден одағы шеңберінде қабылданған нормативтік құжаттардың барлық талаптарын қамту үшін жеткіліксіз. Бұл отандық сынақ зертханалары қызметінен бас тартуға алып келеді және кеден одағы елдері зертханаларының ұқсас қызметтерінің кейбір салаларға байланысты құрылуына мүмкіндік туғызады.

Осыған байланысты жаңа өндірістерді құру кезінде өндірілетін өнімнің технологиялық үдерісін және сапасын бақылау үшін қазіргі заманғы зертхана құруды, салалардағы қолданыстағы зертханаларды жаңғырту және жете жабдықтауды, арбитраждық зертхана функциясын және провайдер функциясын орындайтын ведомстволық зертханалар желісін кеңейтуді (зертханааралық салыстырмалы сынау және салғастыру ұйымдары үшін) қарастыру керек.

10. Зертханааралық салыстырмалы сынауға және салғастыруға қатысушы зертханалардың жеткіліксіз қамтылуы.

Қазақстанның ИАС Зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымына кіруі зертханааралық сынауға және салғастыруға қатысу міндетті шарт және зертхананың құзырлылығын бағалау үшін негізгі құрал болып табылады.

Осы бағытты бұдан әрі дамыту қажет: провайдерлерді халықаралық талаптарға сәйкес аккредиттеу; өнімдер және көрсеткіш түрлерінің және өлшеу құралдары түрлерін де көп мөлшерде зертханааралық салыстырмалы сынау және салғастыруды ұйымдастыру.

11. Декларацияланатын өнімге өндірушілер мен жеткізушілердің жауапкершілігінің болмауы.

Қауіптілік дәрежесі жоғары өнім үшін сәйкестікті растаудың өте қатаң түрін - үшінші тараптың сәйкестікті растауымен міндетті сертификаттауды қолданады.

Бірыңғай тізбеге сәйкес 2010 жылғы 1 шілдеде сертификаттау нысанында сәйкестікті растауға 98 өнім түрі, 51 өнім түрі декларациялауға жатады.

Сәйкестігі сертификатпен расталуға тиіс өнімдер қатарында тұрмыстық электр-техникалық және радио-электронды аппаратура, ауыл шаруашылығы техникасы, балаларға арналған тауарлар бар.

Декларациялау үшін жеңіл өнеркәсіп өнімдері, жануарларға арналған азық, мотор майы және басқалар ұсынылады.

2011 жылдың 1 қаңтарына 152 өнімнің түрі декларациялау нысанында, ал небары 50

өнім түрінің сертификаттау нысанында сәйкестігін растау көзделген.

2012 жылғы 1 қаңтарға дейін Бірыңғай өнім тізбесіне енгізілген өнімге өтініш берушінің таңдауы бойынша сәйкестік сертификаты беріледі және бірыңғай нысан бойынша сәйкестік туралы декларация және/немесе сәйкестік сертификаты және кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес сәйкестік туралы декларация р е с і м д е л е д і .

Алдымызда міндетті сертификаттаудан сәйкестікті декларациялауға өту бөлігінде Еуропалық одақ тәжірибесін ескере отырып, сәйкестікті растау саласындағы кеден одағының заңнамасын үйлестіру жұмыстары тұр.

Осы міндетті шешу үшін техникалық реттеу саласындағы талаптарды бұзғаны үшін, оның ішінде бұрыс (негізсіз) ресми мәлімдегені үшін заңды және жеке тұлғаларға қолданылатын жауапкершілік шаралары бөлігінде кеден одағына мүше елдерінің заңнамаларын үйлестірудің негізгі қағидаттарын белгілеу керек.

12. Экономиканың метрологиялық қажеттілігін қанағаттандыру үшін эталондық базаның өлшеу мүмкіндігінің жеткіліксіздігі.

Елімізде өлшеу мүмкіндігінің жеткіліксіз болуы экономиканың барлық саласында ( медицина, қорғаныс, экология, мұнай-газ секторы және т.б.) инновациялар жолында кедергі болады. Өлшеу дәлдігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін қажетті метрологиялық және ғылыми-техникалық шешімдердің жоқтығы жаңа технологияның барлығының дерлік дамуын тежейтін факторлар ретінде шығады.

Экономика салаларын дамыту кезінде өлшеулер дәлдігіне қойылатын талаптар 2-5 есе артатыны анықталған. Сол себептен эталондық база экономиканың өлшеу және дәлдік қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында өлшеу мүмкіндігін кеңейту және жетілдіру үшін жаңғыртылуға және тұрақты жаңартылуға тиіс.

13. Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын өлшем құралдары паркінің көлемі мен құрылымын талдаудың және мониторингі жүйесінің дамымауы.

Түрлі мемлекеттік органдар өндірісті құруға бағытталған салаларды дамытудың әртүрлі бағдарламасын әзірлеп енгізуде. Өндірістік үдерістердің 15%-дан астамы өлшеудің алуан түрімен байланысты екені анықталған.

Осыған байланысты өндірістер жобасының міндетті метрологиялық сараптамасы арқылы қол жеткізілетін өлшеу қажеттілігін қамтамасыз етуді кейіннен болжап, салалардың метрологиялық қамтамасыз етілуін талдау және мониторингі қажеттігі т у ы н д а й д ы .

14. Мемлекеттік бақылаудың тиімсіздігі.

Статистика деректеріне сәйкес мемлекеттік бақылауға тиесілі субъектілер саны 50 000 бірліктен асады. Сонымен қатар техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында бақылаушы органның қамту мүмкіндігі жалпы санның 10%-д а н к е м і н қ ұ р а й д ы .

Орта есеппен табылған бұзушылықтың жылдық деңгейі тексерулердің 50%-ын

қ ұ р а й д ы .

Оған мынадай факторлар себепші болады:  
тексерулерді жоспарлау жүйесінің дамымауы;  
объектіге қарай тексеру өлшемдерінің айқындалмауы;  
тексеру нәтижелерін бағалау үшін мемлекеттік инспекторлардың біліктілік деңгейінің жеткіліксіз болуы;  
жедел бақылауды жүргізу үшін қазіргі заманғы материалдық-техникалық базаның жоқтығы .

Осыған байланысты, мынадай :  
техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылаудың заңнамалық және нормативтік базасын жетілдіру;  
ақпараттық инфрақұрылымды қоса алғанда, мемлекеттік бақылаудың аумақтық қызметін техникалық жаңғырту;  
халықаралық стандарттарға сәйкес мемлекеттік инспекторлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау ;  
республика аумағында адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өнімдер туралы ақпаратты жинау мен алмасудың автоматтандырылған жүйесін құру және енгізу ;

Комитеттің аумақтық департаменттерінің материалдық-техникалық базасын нығайту ;  
мемлекеттік инспекторлар үшін халықаралық нормамен үйлестірілген оқу модулін әзірлеу ;

мемлекеттік инспекторлардың штат саны мен тексерулердің қамтылу көлемін арттыру жолымен жүзеге асырылуға тиіс нарықты қадағалаудың халықаралық қағидаттарына негізделген мемлекеттік бақылаудың жаңа моделін құру қажеттілігі туындайды .

15. Техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету және аккредиттеу саласында білікті кадрлардың жетіспеуі .

Осы бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін, әсіресе техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында ең алдымен білікті кадрлар қажет.

Іс жүзіндегі тәжірибе салалардағы мамандардың және техникалық реттеу және метрология саласында өз қызметін жүзеге асыратын сарапшы-аудиторларды қоса алғанда, мамандардың кәсіби деңгейінің жоғары еместігін көрсетті. Бұл жоғарыда аталған кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесіндегі проблемаларға байланысты .

Оған мынадай кемшіліктер жатады:  
оқыту әдістері мен тәсілдерінің біркелкі болмауы;  
алатын білімнің көлемі мен өзектілігі жеткіліксіз болуы;  
оқытатын ұйымдардың оқытушылар құрамы деңгейінің жеткіліксіздігі;

алған кәсіптік білімді бағалау мен бақылаудың төмен деңгейі.

Жоғарыдағы мәселелерді шешуді халықаралық тәжірибені ескеріп алынған білім мен дағдыны бағалау мен кәсіби оқыту әдістерін біркелкілікке келтіру шеңберінде қ а р а с т ы р у қ а ж е т .

Сондай-ақ одан әрі тәжірибелік дағдыларды зерделеп, дамыған Еуропа елдерінде оқыту орталықтарында техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету және аккредиттеу саласындағы мамандарды оқыту бойынша мәселені шешу керек.

16. Техникалық реттеу саласында салааралық үйлестірудің әлсіз болуы.

Қазіргі уақытта проблема заңнамалық деңгейде техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметіне салааралық үйлестіруді Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жүзеге асыратынына сайын келеді, ал Министрлік салалық бағытты есепке ала отырып, индустрияны дамыту мен жаңа технологияларды енгізу қызметін үйлестіруі керек.

Бұдан басқа қазіргі уақытта техникалық реттеу саласында мемлекеттік бақылауды бірқатар ведомстволар қайталайды және бұл кәсіпкерлік ортада бірқатар қиындықтар туғызады. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетімен қатар мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және т. б. жүргізеді.

Сонымен бірге Қазақстанда тұтынушылар құқығын қорғау бойынша мемлекеттік уәкілетті орган жоқ, яғни техникалық реттеу және метрология саласында орталық және жергілікті атқарушы органдарды салааралық үйлестірудің және мемлекет тарапынан бақылаудың болмауы нәтижесінде тұтынушы бақылаушы ұйымдардың көптігіне қ а р а м а с т а н қ о р ғ а н с ы з қ а л ы п о т ы р .

Осыған байланысты, техникалық реттеу және метрология саласында мемлекеттік бақылау тиімділігін арттыру керек, оның ішінде техникалық реттеу және метрология саласында уәкілетті органның рөлі мен мәртебесін күшейту керек.

Бұл ретте техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органға техникалық реттеу және метрология саласында орталық және жергілікті атқарушы органдарды салааралық үйлестіру, өнімді сату мен тұтынушылар құқығын қорғау саласында мемлекеттік бақылау, сондай-ақ Елбасының Үкімет алдына қойған міндеттерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыру, оның ішінде :

саудада техникалық кедергілерді жою;  
өнім қауіпсіздігін мемлекеттік бақылау;  
техникалық реттеу;  
стандарттау;



сәйкестікті бағалау;  
метрология;  
техникалық реттеу және метрология саласында мемлекеттік органдар қызметін  
салааралық үйлестіру;  
техникалық құжаттардың мемлекеттік қорын жүргізу;  
саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар  
бойынша ақпараттық орталықты жүргізу;  
мемлекеттік эталондарды жүргізу;  
нотификациялар;  
тұтынушылар құқығын қорғау бойынша тиісті уәкілеттіктер беру керек.

### **3.3-1. Нысаналы технологиялық бағдарламалар арқылы іске асырылатын сындарлы технологиялар тізбесін қоса алғанда, саланың инновациялық-технологиялық дамуын талдау**

**Ескерту. 3-бөлім 3.3-1-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.**

Техникалық реттеу саласындағы инновациялық-технологиялық саясатты іске асыру шеңберінде техникалық реттеу құралдарының көмегімен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бөгет жасайтын негізгі проблемалар мен кедергілерді анықтау қажет.

Заманауи техникалық талаптарға сәйкес келмейтін өнім өндіру практикасын қысқарту, сондай-ақ тиімді өндірісті іске асыру мақсатында Шығару жоспарланып отырған өнім жобаларының техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды енгізу мәселесі пысықталуда.

### **3.4 Техникалық реттеу саласында қолданыстағы мемлекеттік реттеу саясатын талдау**

Бүгінгі күні техникалық реттеу және метрология жүйесінің заңнамалық негізін «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы, «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы, «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңдары құрайды.

«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесін анықтайды және: Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделері мен экономикасын өлшеудің бұрыс нәтижелерінің салдарынан қорғауға;

18 отандық және импортталатын өнім, үдерістер (жұмыстар) мен қызметтер қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге; материалдық және энергетикалық ресурстардың барлық түрлерін нақты есепке алуды қамтамасыз етуге;

ауруларды диагностикалау және емдеу, адамдар еңбегі мен тұрмыс жағдайларының қауіпсіздігін бақылау, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау кезінде және іргелі зерттеулер мен ғылыми әзірленімдер жағдайында өлшеудің нақты нәтижелерін қамтамасыз етуге бағытталған.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2009 жылы техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында қауіптерді бағалау жүйесі (бұдан әрі - ҚБЖ) әзірленді.

ҚБЖ өнімнің нақты түрлері мен өлшеулердің бұрыс нәтижелерінің адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруінің мүмкіндігіне орай қауіп туғызатын субъектілерді нүктелік анықтау жолымен тексерулерді оңтайландыру мен реттеуге бағытталған.

Қазіргі уақытта техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік бақылау саясатын практикалық іске асыру үш бағыт бойынша жүзеге асырылады:

Өнімді сату кезеңінде оның қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау; Мемлекеттік метрологиялық бақылау;

Тауардың шығу тегі туралы сертификат беру тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылау.

Техникалық реттеу саласындағы мемлекет саясатын анықтайтын «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы екі деңгейдегі жүйеге негізделеді, мұнда:

бірінші (міндетті) деңгейде талаптары қолдану үшін міндетті болып табылатын заңдар мен техникалық регламенттер түріндегі қауіпсіздік талаптары белгіленеді;

екінші (ерікті) деңгейде стандарттармен бекітілетін ерікті қолдану талаптары белгіленеді.

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде қолданыстағы 33 заңға өзгерістер енгізіліп «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы», «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы», «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы», «Химиялық өнімдер қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының 4 жаңа заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыруға республика аумағына әкелінетін және өндірілетін кеңінен қолданылатын әлеуетті қауіпті өнімге таратылатын жүзден астам техникалық регламенттерді әзірлеуді көздейтін Техникалық регламенттерді әзірлеу жоспары жасалып, іске асырылып жатыр.

14 мемлекеттік органда техникалық регламенттерді әзірлеу және сараптама жүргізу

үшін техникалық реттеу саласында Сараптамалық кеңестер құрылды.

Қазақстан Республикасында сәйкестікті растау нысандары өнімдер, үдерістер болып табылады.

Өнімдердің, үдерістердің сәйкестігін растау міндетті немесе ерікті сипатқа ие.

Сәйкестікті міндетті растау мына нысанда жүзеге асырылады:  
міндетті сертификаттауды жүргізу;

дайындаушының (орындаушының) сәйкестігі туралы декларация қабылдау.

Сәйкестікті ерікті растау міндетті сертификаттауға жататын өнімдер тізіліміне кірмеген өнімдер үшін өтінім берушінің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Бірақ басымдық сәйкестікті мәлімдеуге қабылдану берілген сәйкестікті растауды жүргізудің шетелдік тәжірибесіне қарағанда республикада өнімді сертификаттау басымдыққа ие. Бұл сәйкестікті мәлімдеу тек қауіптілігі аз өнім үшін сәйкестікті растау нысаны ретінде қабылдауға әкелді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңымен менеджмент жүйелерінің стандартын енгізу үшін ынталандыру шаралары көзделген. Атап айтқанда, барынша сапалы тауарды, жұмысты, қызметті, конкурсқа қатысушыны анықтау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес менеджменттің сертификатталған жүйесі туралы мәліметтің ұсынылуын көздеуге міндетті, бұл отандық кәсіпорындарды қолдау өлшемдерінің бірі болып табылады.

Кәсіпорындарда менеджменттің жаңа жүйелерін одан әрі дамыту және енгізу мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 43-ө өкімімен Қазақстандық ұйымдардың халықаралық стандарттарға одан әрі көшуі жөніндегі 2010 - 2011 жылдарға арналған жоспары бекітілген.

«Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларының (орталықтарының), өлшеулерді орындау әдістемелеріне метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың аккредиттеу саласында қоғамдық қатынастарын, сондай-ақ олармен байланысты сәйкестікті бағалау саласындағы өзге де қатынастарды реттеуге бағытталған.

Осы Заңды іске асыру мақсатында Ұлттық аккредиттеу органы анықталған.

### **3.5 Техникалық реттеуді дамыту мен сапа инфрақұрылымын құрудағы халықаралық тәжірибе**

Бірыңғай кеден одағының қызмет етуімен және Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының қойылған міндеттерін шешу техникалық реттеу мен өлшем бірлігін қамтамасыз ету аспаптарын қолдану әдістерін қайта қарауды

Германия, Австрия және Швейцария сарапшылары жүргізген зерттеулер ұлттық экономика көлемінде стандарттарды жүргізудің жиынтық әсері жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі - ЖІӨ) шамамен 1%-ын құрайтынын көрсетті. Бірқатар елдерде (Азия - Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығына мүше елдер) жүргізілген зерттеулер нәтижесінде тарифтік емес техникалық реттеуді тиімді қолдану тарифтік реттеу шараларынан табыс 0,14%-дан аспайтын жағдайда орташа ЖІӨ 0,26%-ға табыс үлесін арттыруға мүмкіндік беретіні анықталды.

Талдаушылар нарықтық экономика жағдайында техникалық реттеу патенттер мен лицензиялар енгізуден алынатын тиісті көрсеткіштерден асатын экономикалық өсуге үлесті қамтамасыз ету болатындығы туралы қорытынды жасады. Бұдан басқа техникалық реттеу аспабын пайдаланып, мемлекеттік бақылау жүйесін елеулі оңтайландыруға және әкімшілік кедергілер санын азайтуға болады.

Бұдан басқа, өнімге қойылатын жоғары талаптарды қалыптастыру жүретін стандарттау, оларды іске асыру кезінде қазіргіден жақсы сапалы өнім алу әсіресе маңызды немесе бәсекелес өнімдер алдында артықшылықты өнім алынып, нарыққа инновациялық өнімнің түсуі ынталандырылатын жаңарту мен инновациялық әзірленімдер үдерісі үшін үлкен мәнге ие.

Жоғарыда аталған нәтижелерге қол жеткізу үшін Еуропалық одақ (бұдан әрі - ЕО) елдері өз бастауын 1985 жылғы 7 мамырда қабылданған ЕО Кеңесінің қарарынан алатын және іргелі үш қағидатқа негізделген жаңа тәсілге өтуге шешім қабылдады:

Бүкіл Еуропа бойынша регламенттерді үйлестіруде ЕО Директивалары орындалуы қажет ең елеулі талаптарды ғана белгілейтін болады.

ЕО Еуропалық ұйымдарға осы елеулі талаптарға қатысты техникалық нақтылауларды әзірлеуге стандарттау бойынша мандаттар береді.

Еуропалық стандарттау жөніндегі ұйымдар жариялаған үйлестірілген стандарттарды қолдану ерікті болып қалады.

Үйлестірілген стандарттарға сәйкестік ЕО Директиваларына сәйкестік туралы болжамды білдіреді, яғни егер ұлттық билік органдары үйлестірілген стандартқа сәйкес өндірілген өнім елеулі талаптарды орындайтындығына күмәнданса, шығындар мен дәлелдеудің өзге де шығындары оларға жатқызылады.

Жаңа Тәсілдің ескі тәсілмен салыстырғанда артықшылығы ЕО директивалары елеулі талаптарды ғана емес, техникалық нақтылауларды қамтуында жатыр, соның әсерінен Еуропалық стандарттау жөніндегі ұйымдарда техникалық талаптарға арналған айрықшалауларды құруды тиісті сарапшылар жылдам және тиімді өткізеді. ЕО Директивалары (техникалық регламенттері) олардың барлық талаптарымен бірге аяқтау үшін көп жылды талап ететін және технологиялардың кез келген өзгеруі қолданыстағы заңға елеулі түзетулер енгізілуін талап ететін. Бүгінгі күні технологиялық талаптарды Еуропалық стандарттау жөніндегі ұйымдар заңнамалық

үдерістерден тәуелсіз дамытуда.

1999 жылғы қазанда Жаңа Тәсілдің оң әсері ЕО Кеңесінің стандарттау бойынша қарарында танылды, онда Еуропадағы стандарттау жүйесі мен Жаңа Тәсіл өз тиімділігін дәлелдегені мен біртұтас нарықты дамытуда үлкен үлес қосқаны туралы айтылған. 2002 жылғы наурызда Кеңес өзінің стандарттау бойынша соңғы қорытындысында стандарттаудың ішкі нарықтағы маңызды рөлі мен ЕО басқару, е-Еуро, орнықты даму бойынша стратегия сияқты Еуропа саясатының маңызды саласындағы үлестерін, сондай-ақ әлемдік сауданы дамытудағы үлесін атап өтті.

Соңғы кезде Ресей Федерациясында да техникалық реттеу жүйесін дамыту проблемалары кеңінен талқыланып жатыр.

Қазіргі таңда Ресей Федерациясында «Техникалық реттеу туралы» федералдық заңның әкімшілік кедергілерді құрайтын ведомстволық норма шығаруын шектеу және өнімді нарыққа жіберу нысанын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мүдделерінің дау-дамайларын жою мақсатында Ресей Федерациясында техникалық реттеу тетіктерін жетілдіру бөлігінде түзетулер енгізілуде.

ЕО елдерінің мемлекеттік бақылау жүйелері: заңнаманы реттейтін, қауіп-қатерді талдау жүйесі және стратегиялық жоспарлауды, тексеріс жүргізудің нақты рәсімдерін, сондай-ақ инспекторларды жауапкершілікке тартудың тиімді тетіктерін енгізу сияқты негізгі құрауыштардан тұрады.

ЕО мемлекеттік бақылау жүйесі тексеру туралы негіздемелі заңдар негізінде тексерудің жалпы санын төмендету ғана емес, мемлекеттік бақылау органдарының өкілдігі мен міндеттемелерін және заңнама талаптарының орындалуын тексеру, сондай-ақ олардың жұмысына қазіргі заманғы құрал-жабдықтарды енгізу үдерісіне жеке кәсіпкерлік субъектілерін белгілейтін салалық заңдар негізінде тексеріс жүргізу арқылы мемлекеттік бақылау органдар жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Барлық елдерде өлшем бірлігін қамтамасыз ету мәселелерін Ұлттық метрология институты (бұдан әрі - ҰМИ) оларды тиісті функцияларын үлестіре отырып, жүзеге асырады.

ҰМИ негізгі функциялары:

ұлттық өлшем бірлігі эталондарын құру, жетілдіру, сақтау, салыстыру және қолдану ;

өлшем бірлігі өлшемдерін беру жүйелерін құру;

өлшеу құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеуді жүргізу;

өлшеу құралдарының сынақтарын, метрологиялық аттестаттауды жүргізу және т.б.

болып табылады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижесінің көрсеткіштері**

## 4.1 Бағдарлама мақсаттары

Отандық нарықты қауіпті және сапасыз (стандартты емес) өнімнен шектеу. Әлемдік стандарттарға сәйкес өнімдер өндіру, менеджмент жүйелерін енгізу және технологиялық қайта жарақтау үшін жағдай жасау.

## 4.2 Нысаналы индикаторлар, міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері

**Ескерту. 4.2-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.**

Отандық нарықты қауіпті және сапасыз (стандартқа сай емес) өнімдерден шектеу және әлемдік стандарттарға сай келетін өнімдерді өндіру, менеджмент жүйелерін енгізу және технологиялық қайта жарақтау үшін жағдай жасау бойынша мақсаттарға қол жеткізудің нысаналы индикаторлары мыналар болады:

1) жыл сайын техникалық регламенттердің талаптарына жауап беретін және тиісті халықаралық стандарттарға сай келетін стандарттау жөніндегі кемінде 500 нормативтік құжатты әзірлеу және қабылдау;

2) 2014 жылға қарай барлық нормативтік техникалық құжаттарды Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорына кемінде 67500 НҚ санында шоғырландыру (2012 жылы – 66500, 2013 жылы – 67000, 2014 жылы – 67500);

3) 2014 жылға қарай кемінде 30 мемлекеттік эталон мен эталондық жабдықты 60 жаңғырту (толық жабдықтау) (2010 жылы – 16 эталон, 2011 жылы – 10 эталон, 2012 жылы – 10 эталон, 2013 жылы – 10 эталон, 2014 жылы – 14 эталон).

Әлемдік стандарттарға сәйкес келетін өнімдерді шығаруға, менеджмент жүйелерін енгізуге және технологиялық қайта жаратандыруға жағдай жасау жөніндегі міндеттер шеңберінде:

1) нақты өндіріс шеңберінде өнімдерді шығаруға қажетті озық халықаралық стандарттарға негізделген ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу және қабылдау;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың өнімдерге арналған стандарттарды енгізуін бағытталған шараларды, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды ұйымдастыруы;

3) Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының толыққанды жұмыс істеуі және оны халықаралық ұйымдардың құжаттарымен толықтыруды жүзеге асыру;

4) менеджмент жүйелері стандарттарын енгізуді және өнім сапасын арттыруды насихаттау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, менеджмент жүйелері стандарттарын енгізу кезінде шағын және орта бизнес кәсіпорындарына субсидиялар беруді жүзеге асыру тетігін әзірлеу;

5) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ұлттық стандарттардың және үкіметтік емес стандарттардың (болған жағдайда) талаптарына сәйкестігін көрсету практикасын мемлекеттік сатып алу жоспарын жыл сайын қалыптастыру және б е к і т у к е з і н д е ж а ң а р т у ;

6) салаларды метрологиялық қамтамасыз етуге және халықаралық деңгейде эталондық база баламалығын растауға арналған ұлттық эталондық базаны жаңғырту;

7) республиканың нормативтік-құқықтық актілеріндегі ерікті стандарттарды пайдалану жолымен технологиялар трансфертін ынталандыру жөніндегі заңнамалық ш а р а л а р д ы ж а с а у ;

8) инновациялық өнімдерді өндіруге және айналымға шығаруға, сәйкестікті ерікті түрде р а с т а у ғ а ж а ғ д а й ж а с а у ;

9) жоғары сапалы өнім өндірудің озық әдістерін енгізуді тездетуге мүмкіндік беретін стандарттау жөніндегі жұмыстарға (ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды әзірлеуге және оларды өзектілендіруге, оның ішінде инновациялық өнімге қатысты) бизнестің белсенді қатысуын көздейтін мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында ұлттық стандарттарды әзірлеуді қаржыландыру жүйесін ж е т і л д і р у ;

10) стандарттау жөніндегі қазақстандық техникалық комитеттердің стандарттау жөніндегі халықаралық және мемлекетаралық техникалық комитеттердің (бұдан әрі – ИСО/ТК және МТК) жұмысына қатысуы. Стандарттардың жобаларын әзірлеу сатысында ИСО/ТК және МТК жұмысына ТК қатысуы отандық экономика мүдделерінде стандарттарды қалыптастыруға ықпал етуге (яғни стандарт жобасына қойылатын талаптарды қалыптастыру кезінде отандық кәсіпорындардың өндірістік қуаты мен ғылыми-техникалық жарақталуын ескеру), жаңа халықаралық және мемлекетаралық стандарттарда талаптары қалыптастырылатын өнімнің перспективалы түрлерін шығаруға уақтылы дайын болуға, сондай-ақ ұлттық өнімді әлемдік нарықтарға одан әрі жылжыту үшін жағдай жасауға, ғылыми-техникалық салада ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік береді.

#### **4.3 Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар:**

**Ескерту. 4.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;  
Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі;  
облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері.

## 5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

**Ескерту. 5-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.**

Бағдарлама 2010—2014 жылдары бір кезеңмен іске асырылатын болады. Техникалық регламенттер базасын құру шегінде негізгі бағыттар мыналар болады: Кеден одағының бірінші кезектегі регламенттері кестесін және Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу жөніндегі жоспарды уақтылы іске асыру; техникалық регламенттерді енгізуге материалдық базаның әзірлігін және ғылыми-техникалық жай-күйін айқындау тұрғысынан салаларды бағалау негізінде Кеден одағының техникалық регламенттерін бейімдеп енгізу; техникалық регламенттерді өнімдер қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды нормалауға, ведомстволық нормалауды болдырмауға және артық рұқсат беру рәсімдерін қысқартуға уақтылы жаңалап отыру; Кеден одағының (бұдан әрі – КО) техникалық регламенттеріне көшу. Бәсекеге қабілетті өнімді өндіру үшін жағдай туғызу шегінде негізгі бағыттар: мемлекеттік стандарттау бойынша жұмыстардың жоспарын үш жылдық негізде құру және оны уақтылы іске асыру; ұйым стандарттарының сәйкестікті міндетті бағалау (растау) рәсімдерін жүргізу кезінде айғақтар базасы ретінде пайдаланылуын болдырмау, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімін қысқарту; стандарттауға қатысуды ынталандыру шараларын қолдану; нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай қорын құру; ұлттық стандарттау органын құру болып табылады. Отандық тауарларды халықаралық нарыққа жылжытуға көмектесудің негізгі бағыттары: менеджмент жүйелері стандарттарын енгізуді ынталандыру шараларын қолдану; кәсіпорындарда менеджмент жүйесі стандарттарын енгізу міндеттемесін белгілеу; қолданылатын менеджмент жүйесі стандарттары мен басқару технологиясы спектрін кеңейту; сынақ зертханаларын құру және жаңарту; сәйкестікті міндетті растаудан декларациялауға өту;



кеден одағы шегінде халықаралық талаптарға сәйкес келетін сәйкестікті бағалау саласында бірыңғай аккредиттеу жүйесін құру; ИАС Халықаралық зертханаларды аккредиттеу ұйымына және IAF Дүниежүзілік сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу жөніндегі органдар қауымдастығына кіру; нотификация жүйесін құру болып табылады.

Метрологиялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету және өлшеулердің қадағалануына қол жеткізу шегінде негізгі бағыттар: эталон базасын жаңарту және жаңғырту; халықаралық деңгейде өлшеулер нәтижелерін тану болады.

Кіріспеу және тиімді бақылау қағидаттарында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру шегінде негізгі бағыттар мыналар болады: техникалық реттеу саласында тауарлардың бұзылуы үшін, оның ішінде бұрыс (негізсіз) декларациялау үшін қолданылатын жауаптылық шараларын қатаңдату; мемлекеттік бақылаудың аумақтық қызметтерін және халықаралық стандарттарға сәйкес мемлекеттік инспекторларды қайта даярлауды техникалық жаңғырту; республика аумағында адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіп тудыратын өнім туралы ақпарат жинау мен алмасудың автоматтандырылған жүйесін құру және енгізу; нарыққа қадағалаудың халықаралық қағидаттарына негізделген мемлекеттік бақылаудың жаңа үлгісін енгізу.

## 6. Қажетті ресурстар

**Ескерту. 6-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.**

Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының техникалық реттеу жүйесін дамытуға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады. Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат 10 236 375 000 теңгені құрайды:

2010	жылы	–	2	233	535	000	теңге;
2011	жылы	–	2	146	260	000	теңге;
2012	жылы	–	1	850	811	000	теңге;
2013	жылы	–	2	012	383	000	теңге;
2014	жылы	–	1	993	386	000	теңге.

Бұл ретте, қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

## 7. Қазақстан Республикасында техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

**Ескерту. 7-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1504 қаулысымен.**



6	регламенттеріне сараптама жасау	Сараптамалық қорытынды	ИЖТМ	2010-2011 жылдар	8 250	-	-	-	-	-	8 250	Респу бюджет
7	ЕурАзЭҚ және КО техникалық регламенттері жобаларын талқылау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	Мәжілістер, семинарлар, конференциялар	ИМ, ДСМ, ИЖТМ, МГМ, БАМ, АШМ, ККМ, Еңбекмині, ТЖМ ҚТКША	2010-2011 жылдар	-	-	-	-	-	-	-	Тала етілме
8	Республикалық және жергілікті деңгейде инвестициялық жобаларды қаржыландыру мен қабылдау жөніндегі комиссияның құрамына техникалық регламенттер мен стандарттардың талаптарының орындауды қамтамасыз ету үшін техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органның өкілдерін енгізу.	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ, ЭДСМ, АШМ, МГМ, Қаржымині, ҚТКША, облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктері, «Самұрық-Қазына» АҚ (келісім бойынша) «ҚазАгро» АҚ (келісім бойынша)	Жыл сайын 25 қаңтар	-	-	-	-	-	-	-	Тала етілме

2. Бәсекеге қабілетті өнімдер өндірісі үшін жағдай жасау

9	Стандарттау жөніндегі ұлттық органды құру бойынша ұсыныс енгізу	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ	2014 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	-	-	-	Тала етілме
10	Жыл сайын техникалық регламенттердің талаптарына жауап беретін және тиісті халықаралық стандарттарға сай келетін стандарттау жөніндегі кемінде 500 нормативтік құжатты әзірлеу және қабылдау	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ (жинақтау), ИМ, ДСМ, МГМ, АШМ, ККМ, ТЖМ, ӨДМ	Жыл сайын, 25 қаңтар	617 564	666 912	596 280	623 086	592 287	3 096 129		Респу бюджет
11	Бюджетті қалыптастырудың алдағы жылдар кезеңіне арналған Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстар жоспарын қалыптастыру және бекіту	ИЖТМ бұйрығы	ИЖТМ (жинақтау), ИМ, ДСМ, МГМ, Қоршағанортмині, БАМ, АШМ, ККМ, Еңбекмині, ТЖМ ҚТКША	Жыл сайын, 25 қаңтар	-	-	-	-	-	-	-	Тала етілме
12	Мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарды талдау және жүйелендіру	Қайта қарауға жататын нормативтік құжаттар тізбесі	ИЖТМ	Жыл сайын, 25 қаңтар	10 442	22 376	20 083	21 605	21 605	96 111		Респу бюджет
13	2010 - 2011 жылдары сатып алу, 2012 - 2014 жылдары толықтыру және аудару (халықаралық, өңірлік және шет елдердің ұлттық стандарттарын, сондай-ақ дерекқорды	Орындалған жұмыстар актісі	ИЖТМ	Жыл сайын, 25 қаңтар	34 986	25 053	25 544	29 054	25 544	140 181		



21	санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын және оның аумақтық бөлімшелерін, оның ішінде ЕурАзЭҚ, КО және ЕЭП мәселелері бойынша сүйемелдеу	Орындалған жұмыстар актісі	ИЖТМ, ДСМ, АШМ, ЭБЖМ	Жыл сайын, 25 желтоқсан	107 352	109 724	119 804	120 835	120 835	578 550	Республика бюджеті
22	Техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау жүйесін жетілдіру	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ (жинақтау), ДСМ, МГМ, ҚОСРМ, АШМ, ККМ, Еңбекмині, ТЖМ, ЭБЖМ	Жыл сайын 25 қаңтар	6 397	6 845	6 332	7300	7300	34 174	Республика бюджеті
23	Мемлекеттік қатысатын бар кәсіпорындарда 14000 (экологиялық қауіпсіздігі), 22000 (тамақ қауіпсіздік), OHSAS 18001 (өнеркәсіптік қауіпсіздік), 27001 (ақпараттық қауіпсіздік) серияларының менеджмент жүйесі стандарттарын пилоттық жоба ретінде міндетті енгізу мәселесін пысықтау	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ (жинақтау), Қоршаған ортаның қорғауы, БАМ, АШМ, ТЖМ, «Самұрық-Қазына» АҚ (келісім бойынша) «ҚазАгро» АҚ (келісім бойынша)	«2011-2014 жылдар	-	-	-	-	-	-	Талап етілме
24	Автомобиль жасау, әлеуметтік жауапкершілік, қатерлерді басқару, авиациялық техника, мұнай шығару саласы, логистика және энергия үнемдеу салаларына менеджмент жүйесін енгізу мүмкіндігін қарастыру	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ (жинақтау), МГМ, Қоршаған ортаның қорғауы, БАМ, АШМ, ККМ, Еңбекмині, ТЖМ	2011-2014 жылдар	-	-	-	-	-	-	Талап етілме
25	КАЙДЗЕН, жобалық менеджмент 6 сигм, ТРИЗ (QFD), Agile manufacturing және басқалары тәртізді жаңа басқару технологияларын енгізу бойынша жағдай жасау	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ (жинақтау), ПМ, ДСМ, МГМ, Қоршаған ортаның қорғауы, БАМ, АШМ, ККМ, Еңбекмині, ТЖМ, ҚТКША, - облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктері, «Самұрық-Қазына» АҚ (келісім бойынша) «ҚазАгро» АҚ (келісім бойынша)	2011-2014 жылдар	-	-	-	-	-	-	Талап етілме
	Отандық кәсіпорындарды халықаралық стандарттарды енгізуге		ИЖТМ (жинақтау), мүдделі								











55	және өңірлік семинарларды (конференцияларды) өткізу	Үкіметке (ақпарат	ИЖТМ	жыл сайын, 25 қаңтар	4 152	4 152	3 573	4 073	4 073	20 023	Республика бюджет
56	Аумақтық қызметтегі мемлекеттік инспекторлардың біліктілігін арттыруды орташа мерзімді жоспарлау	2011-2014 жылдарға арналған біліктілікті арттыру жоспары	ИЖТМ	Жыл сайын, 25 қаңтар	-	-	-	-	-	-	Талағетілм
57	Мемлекеттік инспекторлар үшін халықаралық нормалармен үйлестірілген оқу моделін әзірлеу	Оқу модулінің бағдарламасы	ИЖТМ	2011-2014 жылдар	-	-	-	-	-	-	Талағетілм
58	Аумақтық қызметтердің мемлекеттік инспекторларын жыл сайын оқыту	Белгіленген нысандағы сертификат	ИЖТМ	2010-2014 жылдар	1 1 803	1 0 968	8 294	1 1 803	1 1 803	54 671	Республика бюджет
59	Персоналды сертификаттау жүйесін құру	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ	2013 жылғы 25 қаңтар	-	-	-	-	-	-	Талағетілм
60	Техникалық регламенттер мен стандарттардың сақталуын техникалық нормалау және мемлекеттік бақылау саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша кәсіби мемлекеттік органды құру бойынша ұсыныстар енгізу	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ	2011 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	-	-	Талағетілм

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;  
 ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;  
 ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі;  
 МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі;  
 Қоршаған орта министрі - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;  
 БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі;  
 АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;  
 ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;  
 Еңбек министрі - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;  
 ТЖМ — Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;  
 ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі;  
 Әділет министрі - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;  
 ҚТКША - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі;

СТК/СФС - саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық ш а р а л а р ;

БЭК - Бірыңғай экономикалық кеңістік;

ИСО - Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым;

ТК - Техникалық комитет;

АҚ - акционерлік қоғам;

\* - Қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет бекітілгеннен кейін нақтыланатын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК